



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

дамытуда міндетті түрде шетелдік тәжірибені қолдана білуіміз қажет. Мұнай мен газдан басқа Қазақстанда аса ірі табиғи ландшафтар, табиғаттың адам қолы тимеген бөліктері кездеседі. Бұл табиғи қорлар агротуризм саласының маңызды инфрақұрылымын құруға, ауылдың жағдайын көтеруге септігін тигізеді. Агротуризм саласының ұйымынан келетін әсер жылу-энергетикалық ресурстарды пайдаланғаннан нашар бола алмайды. Агротуризм саласы арқылы еліміздің ауыл тұрғындары Италия мен Франциямен салыстырғанда жақсырақ табыс таба алады. Бұл үшін ауылдық тұрғындар мен ұйымдастырушылар туристер алдында қорқынышын бәсеңдетіп, осындай жолмен де маңызды табыс табуға да болатынына сенулері керек.

Қазақстандағы ауылдық елді мекендердің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде агротуризм саласының объектілері басты рөл атқарады. Олардың белсенді қызметі халықтың тұрақты әрі салмақты табыс табу мен жұмыспен қамтуды көбейтуді, ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл инфрақұрылымын дамытуды, тарихи-мәдени орындар мен табиғи ескерткіштердің, ауылдық дәстүрлер мен кәсіптердің сақталуы мен жаңғыртуды т.б. қамтамасыз етеді. Сол себептен агротуризм саласы туризмнің бір түрі және жаңа бағыты ретінде қалыптасады.

Агротуризм саласы туристерге ұсынылатын әр түрлі қызметтердің жинағы ретінде қалыптасады: ауылдық үйлерде орналасу, ауылдық мәдени, ойын-сауықтық іс-шараларға қатысу мен көкке жорыққа шығу, жергілікті асхананың, кәсіпшілік пен ауылдық салт дәстүрлердің құпияларымен танысу. Туристік қызметтер кешенін қалыптастыруда басты орынды: зоо және фитотерапия, олардың құпияларын меңгеру, ауылдық монша, балық аулау, аң аулау, атпен серуендеу, саңырауқұлақ пен жидек теруге жорыққа шығу т.б. алады. Дамыған агротуризм саласы негізінен туристер мен ауылдық тұрғындарға білім беру, туристерді орналасу орындарымен, тақырыптық семинарлар, экскурсия және адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы мәселесіндегі эко-саяхаттармен тығыз байланыста қалыптасуы қажет. Аталған білім беру формалары тұрғындардың қоршаған ортаны қорғаудағы экологиялық білім деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Осылайша Қазақстандағы агротуризм саласының төмендегідей ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктері қалыптасады

Қолданылған әдебиет

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» // Егемен Қазақстан. – 2012. – 27 қаңтар.

2 Қазақстан 2013 жылы: Статистикалық жылнамалығы / Бас редактор Ә.А.Смайылов, – Астана: Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі, 2013. – 243 б.

3 Панов И.Н. Агротуризм / И.Н. Панов // География / Вестник МГУ. – 2012. – №45. – С.15-21

4 Панов И.Н. Экологический туризм и его роль в устойчивом развитии территории / И.Н. Панов // География / Вестник МГУ. – 2013. – №35. – с.11

5 Герасименко В. Г. Основы туристского бизнеса. Одесса: Черноморье, 2013. – 243с.

ӘОЖ 338.46:640.4(574)(091)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

**Рысбек Назерке Ерболқызы
Узакова Жанерке Аманжоловна**

naziko_9696@mail.ru

Zhaneka.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті, туризм мамандығының 1-курс
студенттері, Астана қаласы, Қазақстан

Мақалада жалпы қонақ үй шаруашылығының даму тарихына анықтама беріліп, Қазақстан қонақ үй шаруашылығының даму тарихы мен дамыту мүмкіндіктеріне сипаттама берілген. Бізге белгілі мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда қонақ үй шаруашылығын дамыту әлі де болса кенже қалып келе жатқан салалардың бірі екеніне, оған мемлекеттің қолдауы қажет екеніне көз жеткіздік.

Негізгі ұғымдар: қонақжайлылық, қонақ үй, тарих т.б

Қонақ үй шаруашылығының тарихы мен қазіргі жағдайын айтпас бұрын «қонақ үй» сөзінің анықтамасын біліп алуымыз керек. Сонымен, қонақ үй дегеніміз уақытша тұруға арналған кәсіп орын. Қонақ үйде рұхсат етілетін минималды бөлмелер саны 10 болуы тиіс. Қонақ үй бұлқолданушыларға қаражат деңгейіне байланысты номер түрін ұсынатын, тәулік бойы технологиялық процессте жұмыс істейтін, негізгі қызмет пен қоса қосымша қызмет түрлерін көрсететін, өнімдерін ұсынатын және ыңғайлық пен комфорт тудыратын ғимарат [1].

Ал қонақжайлылық – кез келген қамқор қызмет көрсетушінің құпиясы. Туристтік қызметтер өндірісі мен демалыс орнының жайлылығы, қызметкерлердің жақсы қызмет көрсетуінің үйлесімділігі [2].

Ең алғаш рет қонақ үй өнеркәсібі түсінігі антика заманында қолданыла бастаған. Антика заманы тарихи ғасыр ретінде белгілі. Бұл мәдениет әлемі және қайталанбас тағдырымен және жекелігімен тарихи ортада өмір сүрген адамдар әлемі. Ең алғаш рет қонақ үй өнеркәсібі туралы ескі манускриптерде – Вавилонның патшасы Хаммурапидің кодексінде таверналардың иелеріне билік жөнінде әңгімелерді жеткізіп отыруын жүктеген. Келушілердің құрамы әртүрлі болған. Кейбіреулері «қонақжайлық» сөзі ескі француз сөзі «*ospis*» — біртүрлі қабылдау деп жобаласа, енді біреулері латын сөзі «*hospitalis*» дегенді яғни – қонақжайлық дегенді білдіреді деген. Қонақжайлар – дәл осылай антика дәуірінде өз үйінде жанұясымен қоса күтетін адамдарды атаған. Қонақжайлармен шетелдік мемлекеттер қарсылықты көмек, достық және қорғаныс жөнінде келісім құрған. «Қонақжайлық» түсінігі адамзат өркениеті сияқты ескі түсінік. Қонақ үйдің ең алғаш шығуы, адамдарға қызмет көрсету кәсібімен, түнгі жатар орнына тоқтау себебтерімен тікелей байланысты. Қонақ үйлер әдетте бір елмен басқа елдерге баратын басты жолдардың бойында орналасады. Сонымен бірге жолаушыларды күтумен қатар, қонақ үйлерде үкімет қызметкерлерімен өкілдер жұмыс жүргізеді. Қонақ үйлерде адамдарға түнеу, баспана, сол жерде тамқтандырады, аттарын ауыстырады. Орта ғасырларда Еуропада тұрақты аулалар монастырлар кезінде соғыла бастады. Шіркеу жолаушылары діни қызметкерлерге, әулие жерлерге саяхаттаушыларға арнап қонақ жайлар ұйымдастыруды міндеттеді. Уақыт өте келе тегін қонақжайлылықтан кіріс табуға есептелінген мекемелерге айналды. Алғашқы қонақ үйлер бастамасы Таяу шығыста, Орталық Азияда және Кавказияда орын ала бастады. Шөл далалар мен таулы үстірттерде саудагерлер тауар керуендерімен жолаушылайды. Олар әдетте шатырларда, кеу кездері керуен сарайларда, әр түрлі қонақжай кешендерінде, адамдардың арнайы түнеу орындарында жайғасты. Сауда байланысының дамуына байланысты Еуропада қонақжай шаруашылығының біршама өсуіне әкеп соқтырды. Мысалы XIV – ғасырда Миланда 150 қонақ үйі орын алды. Дегенмен ол кезеңдегі қонақжай шаруашылығы ең төменгі сатыда еді. Қонақ үйлерде ешқандай жағдай болмады, санитарлық деңгейі өте төменгі жағдайда болды. XVIII–XIX ғасырлардағы мемлекетаралық экономикалық және саяси байланыстардың өсуі, Еуропа қалаларындағы қонақ үй шаруашылығының тез дамуына ықпал етеді. Қонақ үй жұмысы үлкен табыс әкелетін маңызды салаға айнала бастады. XIX ғасырдағы өндірістердің дамуы қонақжайлығы, туризмнің дамуымен байланысты. Теңіз жағалауларында, минералды су көздері маңында табиғаты керемет орындарда ірі және ұсақ қонақ үйлер құрылыстары бой көтере бастады. Олардың уақыт өте келе техникалық жабдықталуы, қонақтарға арналып өте ыңғайлы жағдай жасалынып қызмет көрсетудің әдістері және түрлері өзгерді. Экономиканың бұл облысында компаниялар, акционерлік қоғамдар, корпорациялар және синдикаттар пайда

бола бастады.Осындай біріккен ірі мекемелер өз еліндегі қонақ үй шаруашылықтарын басқара отырып, сондай – ақ басқа мемлекеттерде қонақ үй тұрғызумен айналысты.Лондонда қонақ үй синдикаты, Францияда «Қонақ үй қожайын одағы» құрылды. Бұл мекемелердің жеке иегерлері нөмірлерге бағаларын белгілеп, қонақ үй қызметкерлері мен мамандар даярлап туризмнің дамуына жағдай жасады.1906 жылы «Халықаралық қонақ үй иелерінің одағы» құрылып, әр түрлі әлем елдерінің 1700 қонақ үй иегерлерін біріктірді[3].

Қазақстанда да қонақ үй шаруашылығының көне тамыры тереңде жатыр. Оның пайда болуы алғашқы қоныстардың, көлік жолдарының және сауда қатынастарының дамуымен байланысты.Алғашқы қонақ үйге ұқсас ғимараттардың ашылуын біздің эрамыздың алғашқы ғасырына қатыстыруға болады.Ұлы Жібек жолы бойындағы аймақтардың зерттелуінен біз көне көпестермен саяхатшылардың үлкен керуендермен түйелер арқылы қатынайтынын білдік.Олар керуен жолының бойындағы қалаларда немесе елді-мекендерде шатыр құрып түнейтін болған.Қазақ хандығының құрылуы қонақ үй шаруашылығына еш кері әсерін тигізбей,бірқалыпты дамуды байқатады. Қонақ үй кешендері дамуының одан арғы тарихы Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңі болып табылады. XIX ғасырдың алғашқы жартысының соңына қарай Қазақстан толығымен Ресей империясының қол астына енген кезде соғыс қорғаныстарын,жаңа жолмен қалалардың салынуы қонақ үй шаруашылығының одан ары қарайғы дамуын талап етті. Сол жылдардағы қонақ үйлердің мысалы ретінде бекеттірді,қонақ үй палаткалармен шатырларды айтуға болады. Осылайша қарқынды дамыған Қазақстан қонақ үй шаруашылығы 1903 жылы Алматы қаласында алғашқы «Европа» қонақ үйінің салынуына әкеп соқты.Тарихты артқа тастаған Қазақстанда қазір 1559-қа жуық қонақ үй жұмыс істесе,оның басым көпшілігі Астанада, Алматыда, Қарағандыда, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан обылыстары аумағында орналасқан.Қонақ үй шаруашылығын туристік шаруашылықтан бөліпқарауға болмайды. Ал соңғысымен біздің елдің жағдайы тамаша емес. Әрине сыртқы туризм бізде біршама жақсы дамыған: қазақстандықтар үшін шетелде демалуды әдетке айналдырған – 45,8%, ішкі туризм бойынша – 37,9% көрсетсе, туристердің Қазақстанға келу көрсеткіші небәрі 16,3%-ке ғана жетеді. Мемлекет осылардың соңғысына мұқтаж, себебі оның арқасында елге шетелдік валютаның көп келуімен, өндіріс салаларының қарқынды дамуына бастау алады. Қазақстанға туристерді келтіру үшін бірқатар жұмыстар атқарып, оның ішінде қонақ үй инфраструктурасын қолға алу керек. Еліміз қарқынды дамудың нарықтық жолына түскендіктен Қазақстан көптеген шетелдік әріптестерімен жұмыс жасап, әр қаладағы біріккен өнеркәсіптермен және шетел өкілеттіліктерімен қатар әр қаланың қонақ үй өмірі біршама қайта жанданды. Жаңа қонақ үйлер пайда болып, ескілері жаңартылып немесе қайта күрделі жөндеуден өткізілді [4]. Айта кетерлік жайт, Қазақстандағы бірдей жұлдызды қонақ үйлердің сапа деңгейінің әр түрлі екендігі ешкімге жұмбақ емес. Тіпті арнайы маман емес, қарапайым турист көзімен-ақ кейбір жұлдызы төмен қонақ үйлердің қолайлығымен қызмет көрсету деңгейі, оның жоғары жұлдызды «ағайындарына» қарағанда әлдеқайда биік екендігін көруге болады. Дәлірек айтсақ, сол сияқты, бірақ төмен деңгейлі бағамен қолайлы, европалық деңгеймен салынған 3 жұлдызды қонақ үй, тек бизнес туристерге ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның табиғат кереметін тамашалауға келген қарапайым шетел қонақтарына да ұнайтыны сөзсіз. Сондықтан да Қазақстан қонақ үйлері ең алдымен елге келетін туристер ағымының 86 % құрайтын алыс шетел адамдарының, содан кейін тек 14 % құрайтын ТМД туристерінің қалауынан шығуға жұмыс істеуі қажет[5].

Қонақ үй шаруашылығын дамытуда айтарлықтай биік белестерге жету үшін осы қызметте қызмет ететін мамандардың білім деңгейін, қызметтер түрін арттыру керек. Сонымен қатар осы қызметтегі қызметшілердің жұмыс бағдарлары нақты болғаны жөн. Қонақ үй қызметінің шаруашылығы – бұл адамдар арасындағы тығыз қарым-қатынас, алушы мен сатушы арасындағы байланыс.Қызмет көрсетушілердің күш қуаты демалушыларға арналып, қонақтардың ой-көңілін жаулап алу мақсатында үлкен дәрежеде қызмет көрсету. Туризм саласындағы қызметкерлердің нақты жұмыс барысы, жұмыс уақыты, демалыс уақыты тура белгіленсе, онда бұл салада үлкен жетістіктер, атақ абыройға

ие бола алады. Аз ғана уақытқа болса да туристер үшін қонақ үй – ақылы өз үйі. Ал үйде адам өзін жақсы сезініп, көтеріңкі көңілде болып, оны әрқашан шын жүректен күтіп алатындығына, оның барлық сұраныс түрлерін қанағаттандыратындығына сенімді болуы шарт. Осындай жолмен ғана қонақ үйді туристердің екінші үйі ретінде, осы үйге қайта – қайта келу тілегін қалыптастыру керек. Қонақ үйдің негізгі мақсаты – туристер үшін сапалы да саналы қызмет көрсету, оларға барлық жағдайды жасау арқылы қонақ үй өзінің деңгейін әлемдік дәрежеде көтере алады. Елімізде қонақ үй шаруашылығы соңғы жылдары даму үстінде. Аса ірі қонақ үй кешендері салынып, жеке, кіші отельдер саны артып, ескі қонақ үйлер жүйесі жаңғыртылуда. Алайда отандық қонақ үй сервисі мен қызмет көрсету сапасы жоғарғы дәрежеде деп айтуға әлі ерте. Алдағы уақытта қонақ үй шаруашылығының дамуы туризмнің дамуымен тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. ГОСТ 50645-94 «Туристік-экскурсиялық қызмет көрсету. Қонақ үйлер классификациясы»
2. Браймер Р. Основы управления в индустрии гостеприимства. – М. 1995 жылы
3. Джанджугазова Е.А. Маркетинг в индустрии гостеприимства. – М. 2003 жылы
4. ҚР Статистика агенттігінің ресми Интернет-ресурсы: www.stat.gov.kz
5. Қыдырбек-ұлы Д.А. Формирование и развитие индустрии туризма и гостеприимства в Республике Казахстан. 2014 жылы

ӘОЖ 338.46:64.024.3

ТАМАҚТАНДЫРУ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ ДАМУ

Салимгереева Айнара Маратовна

ainara96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, туризм кафедрасының 1-ші курс студенті, Тур-15

Ғылыми оқытушы – Рүстемова С.М.

«Егер сен қатты шөлдесең, құмыраның көлеміне де қарамайсың», - дейді шығыс даналығы. Шынында да адам мереке кезінде үстелге отырғанда, жан-жағының келісті, салтанатты болғанын, үстел әзірінің талғаммен жасалғанын, қызмет көрсетудің мінсіз болғанын қалайды. Себебі өте ерте заманнан мерекелік үстел адамзат мәртебесін көрсетудің бірден-бір көрсеткіші болып табылған.

Ас дайындау өнері барлық өнерлердің ішіндегі ең көнесі. Ол алғашқыда Азияда, кейін Греция арқылы Римге келген. Венеция республикасының гүлденуімен итальяндық ас үй кеңінен дами бастайды.

1533 жылы итальяндық ханшайым Екатерина Медичи Генрих II-ге тұрмысқа шығады және Италиядан Францияға өзімен бірге аспазшыларын да ала келеді. Француз королінің сарайында жаңа астың түр-түрі беріле бастайды және пышақ пен шанышқының көмегімен тамақ жеу дәстүрі пайда болады.

Француздықтар бұл жаңалықты тез меңгеріп алады, Людовик XIV тұсында француз ас үйі Еуропадағы ең таңдаулы ас үй болып есептелді. Көп уақыт бойы еуропаның көптеген елдерінің аспаздық өнері Францияның ықпалында болып келген [7].

Бүгінгі күні ас және мерекелік дастархан мәдениетінің жаңғыруы байқалады. Қазіргі талапқа сай ыдыстар, ас үй құралдары мен жаулықтары жетілдірілуде. Осыған орай қоғамдық орындардағы тамақтану кәсіпорындарының қызмет көрсету сапасына деген талап күшейтілген.

Тамақтану кәсіпорынның жұмыс мақсаты – тамақтағы адамның қажеттілігін қанағаттандыру. Тамақты қолдану процесі адамдармен қарым-қатынас, тәрбиелеу, ойын-